

Тараптар осы Келісім шеңберінде екі мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірместен Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасының қолданыстағы заңнамаларын басшылық етеді.

2-бап

Тараптар:

ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен және талаптармен үйлестіру, сауда-саттықта кездесетін техникалық тосқауылдарды жою және ғылыми-техникалық ынтымақтастық дамыту;

екі Тараптың стандарттау, сынақ, сертификаттау және метрология жөніндегі органдары арасында тікелей байланыстарды орнату жолымен стандарттау, метрология және сертификаттау саласында ынтымақтастықты дамытуға келісті.

3-бап

Т а р а п т а р :

стандарттау жөніндегі ұлттық органдар жариялаған ақпарат пен мерзімдік басылымдарымен, нормативтік құжаттарымен;

ұлттық стандарттар тізбесі, жеке ұлттық стандарттар, нормалар мен ережелерімен; сертификаттау органдарын, сынақ зертханаларын тіркеу, сертификаттау туралы негізгі ақпараттар мен жарияланымдары, міндетті түрде сертификатталуға тиіс өнімдердің тізімімен;

стандарттау, метрология, сертификаттау және сынақ саласында мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламалары мен оқубағдарламаларына қатысты ақпараттары мен мәліметтерімен алмасуға келісті.

4-бап

Тараптар стандарттау, метрология, сертификаттау және сынақ саласында кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруда, мамандармен алмасуда және кеңес беруде өзара әрекеттеседі.

5-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде жүргізілетін жұмыс жөніндегі құжаттамалар мен ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді. Ұсынушы Тараптың келісімімен ғана бұл ақпарат үшінші мемлекетке берілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімді талқылау мен орындау барысында пайда болған пікір алшақтықтар Тараптардың өзара келіссөздері мен кеңестері арқылы реттелетін болады.

7-бап

Осы Келісім тараптардың басқа халықаралық келісімдеріне қатысуы нәтижесінде қабылдаған құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

Осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекет ішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа Келісім қолданысын тоқтату туралы жазбаша хабарлаған күннен бастап 6 ай мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Осы Келісімнің тоқтатылуы Келісім шеңберінде қабылданған бағдарламалар мен жобаларға ықпал етпейді.

_____ қаласында _____ жылғы "___" _____, әрқайсысы екі түпнұсқа данада қазақ, словак, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық тілдегі мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіруге қатысты келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының
Экономика және сауда
министрлігі үшін

Словак Республикасының
Техникалық стандарттау,
метрология және мемлекеттік
сынақтар жөніндегі

басқармасы үшін